Әділет

**"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын басқарудың кейбір мәселелері туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 824 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 598 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 598 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының директорлар кеңесін сайлауды мынадай құрамда қамтамасыз етсін:

Бектасов Әбен Ағыбайұлы - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің төрағасы, төраға

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі;

Мәжренов Жомарт Рақымбекұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметінің директоры (келісім бойынша);

Сәрсембаев Өмірзақ Нұрғалиұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің бас сарапшысы

Өтепов Эдуард Карлұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының бірінші орынбасары;

Исин Нұрлан Құрманғалиұлы.

2) "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының директорлар кеңесі "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының президенті лауазымына сайлау үшін Нұрлан Құрманғалиұлы Исиннің кандидатурасын ұсынсын.

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.13. N 33 , 2004.07.26. N 791, 2005.03.19. N 250 қаулыларымен .

2. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын басқарудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі N 1063 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК